

**"Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 351 Бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 қарашада № 8054 тіркелді

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы № 136-137 (26955-26956) «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну ережесінде:

6 - тармақ алып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат төмендегі анықтамаларды беру түрінде жүзеге асырылады:

1) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар .

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамада жылжымайтын мүліктің нақты объектісіне бар құқық (ауыртпалық) көрсетіледі;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлікке тіркелген және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар.

Жылжымайтын мүлікке тіркелген және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамада бұрын осы жылжымайтын мүлік объектісіне құқықтары тіркелген барлық жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамалар .

Жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі жылжымайтын мүлік объектілері туралы барлық мәліметтер (оның ішінде иеліктен айырылған) көрсетіледі;

4) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметте қамтитын техникалық паспортқа қ о с ы м ш а ;

5) жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелері.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«11. Ереженің 10-тармағында көрсетілген ақпарат Заңның 17-бабының 2 және 3 тармақтарына сәйкес беріледі.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«15. Орталық өтініш иесінің сауалының негізінде «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ-дан ақпаратты сауал келіп түскен сәттен бастап 20 минут ішінде электрондық түрде ұсынады. Осы ереженің 10-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін, өтініш беруші осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан б о й ы н ш а с а у а л ғ а қ о л қ о я д ы .

1, 3, 4 - қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес редакцияда ж а з ы л с ы н .

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық бастапқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Имашев*

« К е л і с і л д і »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р м и н и с т р і

А. Жұмағалиев

24 қазан 2012 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ыл ғы 1 8 қ а з а н д а ғы

№ 351 бұйрығына 1-қосымша

Қ ұ қ ы қ т ы қ к а д а с т р д а н а қ п а р а т

ұсыну ережесіне 1-қосымша

Нысан

---

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

**Құқықтық кадастардан жылжымайтын мүлікке құқықтарды**

**(құқықтық ауыртпалықты) мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға**

**сауал № \_\_\_\_\_**

Мен, \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., паспорт деректері (жеке куәлігінің деректері және жеке тұлғаның тұратын жері, заңды тұлғаның атауы және деректемелері) \_\_\_\_\_ атынан әрекет етуші  
(уәкілетті өкіл толтырылады)  
\_\_\_\_\_ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжатының деректері)

Маған беруіңізді сұраймын: керегіне белгі қою

- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы;

- жылжымайтын мүлікке тіркелген және тоқтатылған құқықтар туралы анықтаманы;

- жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы;

- жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иесі) туралы мәлімет қамтылған

техникалық паспортқа қосымша;

- жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші

орган растаған тіркеу істері құжаттарының көшірмесін.

Жылжымайтын мүлік объектісінің түрі \_\_\_\_\_

Объектінің тұрған жері \_\_\_\_\_

Мына құжаттарды қоса беремін: \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің/уәкілетті өкілдің Т.А.Ә. және қолы)

(өтінішті қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі: \_\_\_\_\_ тексерілді: күні \_\_ 20\_\_ ж.

(маманның Т.А.Ә. және қолы)

Е с к е р т п е :

Сауалда арыз берушінің мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), құжат мәліметтері, жеке басын растайтын төлқұжат деректер, жеке тұлғаның тұрған жері, заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда) және деректемелері, берілетін ақпараттар түрі, жылжымайтын мүлік объектісінің түрі, мекенжай, нақты жылжымайтын мүлік объектісіне ақпарат алу үшін кадастрлік нөмір көрсетіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғы 1 8 қ а з а н д а ғы

№ 351 бұйрығына 2-қосымша

Қ ұ қ ы қ т ы қ к а д а с т р д а н а қ п а р а т

ұ сы н у е р е ж е с і н е 3-қ о с ы м ш а

Нысан

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

**Жылжымайтын мүлікке тіркелген және тоқтатылған құқықтар туралы анықтама**

«\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілген

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туғаны күні және ЖСН (болған кезде);

заңды тұлғаның атауы мен БСН (болған кезде) оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты) оның ішінде жылжымайтын мүлік объектісіне:

Жылжымайтын мүліктің түрі	Кадастрлық нөмірі	Нысаналы мақсаты (жоспары бойынша литер)	Мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды (бар болған жағдайда)

1) құқығы тіркелді:

Құқықтың түрі	Мазмұны	Құқық иесі жеке тұлғаның - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, заңды тұлғаның атауы	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Құқықтың туындау негіздемесі	Тіркелген күні, уақыты

2) құқықтық ауыртпалығы тіркелді:

Ауыртпалықтың түрі	Мазмұны	Құқық иесі немесе уәкілетті орган (мүдделі тұлға)	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Ауыртпалықтың пайда болуының негіздемесі	Тіркелген күні, уақыты

3) жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе құқықтық ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар және мәмілелер тіркелді:

Заңдық талаптар және мәмілелер	Мазмұны	Өтініш беруші (мүдделі тұлға)	Туындау негіздемесі	Тіркелген күні, уақыты

Бұрын көрсетілген жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген:

1) құқығы тіркелді:

Құқықтық түрі	Мазмұны	Құқық иесі жеке тұлғаның - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, заңды тұлғаның атауы	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Құқықтың туындау негіздемесі, тіркелген күні, уақыты	Құқықтың тоқтатылған негіздемесі, тіркелген күні, уақыты

2) құқықтық ауыртпалығы тіркелді:

					Ауыртпалықтың тоқтатылған
--	--	--	--	--	---------------------------

Ауыртпалықтың түрі	Мазмұны	Құқық иесі немесе уәкілетті орган (мүдделі тұлға)	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Ауыртпалықтың пайда болуының негіздемесі, тіркелген күні, уақыты	негіздемесі, тіркелген күні, уақыты

3) жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе құқықтық ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар және мәмілелер тіркелді:

Заңдық талаптар және мәмілелер	Мазмұны	Өтініш беруші (мүдделі тұлға)	Туындау негіздемесі, тіркелген күні, уақыты	Тоқтатылған негіздемесі, тіркелген күні, уақыты

Орындаушы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М . О .

Ескертпе: Анықтамада қамтылған мәліметтер берілген сәтінде жарамды болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғы 1 8 қ а з а н д а ғы

№ 351 бұйрығына 3-қосымша

Қ ұ қ ы қ т ы қ к а д а с т р д а н а қ п а р а т

ұсыну ережесіне 4-қосымша

Нысан

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

**Жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы**

**анықтама**

№ \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж.

Берілді \_\_\_\_\_  
жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және ЖСН (болған кезде);

\_\_\_\_\_ ,  
заңды тұлғаның атауы және БСН (болған кезде), оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ тұлғаға  
(жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және ЖСН (болған кезде))

заңды тұлға үшін - атауы және БСН (болған кезде))

Т і р к е л д і :

1) Мекен-жайда орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық:

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі)	
Құқықтың түрі, меншік нысаны (дара немесе жалпы, үлес)	
Құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты	
Тіркелген ауыртпалықтардың болуы (ауыртпалықтың түрі, мүдделі тұлға, ауыртпалықтың туындау негізі, тіркеу күні және уақыты)	
Жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе құқықтық ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар мен мәмілелердің тіркелуі	

2) Мекен-жайда орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық:

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

. . . . .

Бұрын осы тұлғаға тіркелген:

1) Мекен-жайда орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық:

Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі)	
Құқықтың түрі, меншік нысаны (дара немесе жалпы, үлес)	
Құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты	
Құқықтың тоқтату негізі, тіркеу күні және уақыты	

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

2) Мекенжайда орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық:

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

. . . . .

Орындаушы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М . О .

Ескертпе: анықтамада қамтылған мәліметтер берген сәтінде жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2012 жылғы 18 қазандағы

№ 351 бұйрығына 4-қосымша

Құқықтық кадастрдан ақпарат

ұсыну ережесіне 5-қосымша

Нысан

**Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иесі) туралы мәліметті қамтитын техникалық паспортқа қосымша**

№ \_\_\_\_\_ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

1. Кадастр нөмірі \_\_\_\_\_

2. Жылжымайтын мүлік объектінің мекенжайы \_\_\_\_\_

3. Меншік иесі (құқық иесі) \_\_\_\_\_

4. Құқықтың пайда болу негіздері \_\_\_\_\_

5. Тіркелген күні \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.